

## Газбен өзара алмасу бойынша жүзеге асырылатын мәміленің бағасын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 671 қаулысы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулы 01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі.**

«Трансферттік баға белгілеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 10-тармағының 3) тармақшасына, сондай-ақ 2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, 2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Орынбор газ өңдеу зауытының базасында шаруашылық қоғам құрудағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының ішкі нарығын газбен қамтамасыз ету үшін 2014 жылы экспортқа газды өткізу кезінде «ҚазРосГаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Газпром» ашық акционерлік қоғамы уәкілеттік берген ұйым – «GAZPROM Schweiz AG» арасында жасалатын мәміле бойынша газдың бағасы:

1) Өзбекстан Республикасы / Қазақстан Республикасы және Түрікменстан Республикасы/Өзбекстан Республикасы шекарасына жеткізілетін 3 954 500 000 текше метр көлеміндегі өзбек және/немесе түрікмен газын және Ресей Федерациясы / Қазақстан Республикасы шекарасына жеткізілетін ресей газын Қарашығанақ кен орнының өңделген газына 2014 жылы қарсы жеткізу жолымен Қазақстан Республикасы / Ресей Федерациясы шекарасы, «Александров Гай» газ өлшеу станциясы ДАР шарттарымен – 1000 текше метрі үшін 85 АҚШ доллары;

2) 2013 жылы Өзбекстан Республикасы / Қазақстан Республикасы шекарасында жеткізілген 131 887 392 миллион текше метрге дейінгі көлемдегі өзбек газын Қарашығанақ кен орнының өңделген газына өтеу жолымен Қазақстан Республикасы / Ресей Федерациясы шекарасы, «Александров Гай» газ өлшеу станциясы ДАР шарттарымен – 1000 текше метрі үшін 85 АҚШ доллары болып белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК